

Алматы облысы "Талдықорған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 25 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне атау беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 606 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Талдықорған қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 25 орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Барлыбек Сырттанұлының есімі берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин